

**Күршім ауданы бойынша 2009 жылы 1992 жылы туған азаматтарды шақыру
учаскесіне есепке тіркеуді өткізу туралы**

Күші жойған

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы әкімінің 2009 жылғы 10 ақпандағы N 21 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Күршім аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 10 наурызда N 5-14-81 тіркелді. Күші жойылды - Күршім ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 8 маусымағы N 25 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Күршім ауданы әкімдігінің 2009.06.08 N 25 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 Заңының 17 бабының 3 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы «Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы» № 371 қаулысына сәйкес, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 33 бабы 1 тармағының 13) тармақшасының негізінде Күршім ауданының әкімі

Ш Е Ш І М

Е Т Е Д І :

1. 2009 жылы қаңтар-наурыз айларында тіркеу жылында 17 жасқа толған, сондай-ақ бұрын тіркеуден өтпеген азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеу жүргізілсін.

2. Әскер жасына дейінгі жастарды дәрігерлік куәландіруден өткізу үшін «Күршім ауданының № 1 медициналық бірлестігі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының бас дәрігеріне (Ф.О.Игісінов келісімі бойынша):

1) медициналық комиссияны тәжірибелі дәрігер мамандармен және орта медициналық қызметкерлермен жасақтау;

2) белгіленген кесте бойынша шалғайдағы ауылдық округтерден келетін 1992 жылы туған әскер жасына дейінгі жастарды ауа-райының қолайсыздығына және шақыру пункттеріне жеткізудің қиындығына байланысты медициналық сараптама тапсыру уақытын 8.00-12.00 аралығында белгілеу;

3) әскер жасына дейінгі жастарды стационарлық дәрігерлік тексеруден өткізу үшін ауруханадан жеткілікті орын бөлу, флюорографиялық, кардиологиялық және

басқа тексеруден өткізуді қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Ауылдық округ әкімдері және аудандық білім бөлімі (Ә.Қ.Қосамбеков) Күршім ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақырту қағазында көрсетілген уақытында шақырылушы жастарды ұйымдасқан түрде, қажетті құжаттармен әскери есепті жүргізуші маманның шақыру учаскесіне әкелуін қамтамасыз етсін.

4. Күршім ауданының ішкі істер бөліміне (Б.К. Бажығалиев келісімі бойынша) тіркеу учаскесіне келуден жалтарып жүрген шақырылушы жастарды іздестіруге және Күршім ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінде, Күршім ауданының № 1 медициналық бірлестігі және Теректі ауданының № 2 медициналық бірлестігі ауруханаларында медициналық комиссиядан өту кезеңінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету үшін полиция жасағын кестеге сай бөлу ұсынылсын.

5. Аудандық білім бөліміне (Ә.Қ.Қосамбеков), Күршім ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығымен (В.К.Андинов) әскери оқу орындарына үміткерлерді іріктеу және білім деңгейін, дене әзірлігін тексеру жұмыстарын жүргізу тапсырылсын.

6. Аудандық қаржы бөлімінің меңгерушісі (Р.В.Загарулько) азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеуге байланысты шараларды бекітілген аудандық бюджет есебінен қаржыландырсын.

7. Азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеу комиссиясы төмендегі құрамда құрылсын:

- | | |
|----------------------------------|--|
| 1. Виктор Құмарбекұлы Андинов | Күршім ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы, комиссия төрағасы (келісімі бойынша) |
| 2. Дабырбаева Шырақ Берікқанқызы | ішкі саясат бөлімінің жетекші маманы, комиссия төрағасының орынбасары |
| 3. Жанат Қапасқызы Әміренова | «Күршім ауданының № 1 медициналық бірлестігі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының поликлиника меңгерушісі (келісімі бойынша) |

Комиссия мүшелері:

- | | |
|--------------------------------|--|
| 4. Ербол Данилұлы Аильбаев | Күршім аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары (келісімі бойынша) |
| 5. Сауле Советқанқызы Сағатова | «Күршім ауданының № 1 медициналық бірлестігі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының медбикесі, комиссия хатшысы (келісімі бойынша) |

8. Күршім ауданы әкімдігінің 2007 жылғы 12-желтоқсандағы «Күршім ауданы бойынша 1991 жылы туған азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеу туралы» 441 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

9. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Д.
Ә л х а н о в қ а ж ү к т е л с і н .

10. Шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Күршім ауданының әкімі ***А. Сеитов***

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК